

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 желтоқсандағы № 1201 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 4 тамыздағы № 799 Қаулысы

"Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын ратификациялау туралы" 2009 жылғы 26 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 желтоқсандағы № 1201 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 46, 554-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі туралы ережеде:

13-тармақ мынадай мазмұндағы 25-1), 25-2) және 25-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"25-1) парниктік газдардың көздерінен шығатын антропогендік шығарындыларды және оларды сіңірушілердің абсорбциясын бағалаудың ұлттық жүйесін жүргізеді, сондай-ақ оны жүргізу тәртібін бекітеді;

25-2) көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін жүргізеді және оны жүргізу тәртібін бекітеді;

25-3) парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі жобаларды қарау, мақұлдау, тіркеу және мониторингілеу тәртібін бекітеді;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К.Мәсімов*